# АЙМАҚ АҚШАМЫ

№34 (147) ЖҰМА 26 қыркүйек 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ


## «ULYTAU ZHASTARY» ТҰРҒЫН ҮЙ БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАБЫЛДАУ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

***Бағдарлама 35 жасқа дейінгі облыс жастарына неғұрлым тиімді шарттармен тұрғын үй сатып алуға көмектеседі.***



Ұлытау облысының әкімдігі «Отбасы банк» АҚ бірлесе отырып қол жетімді несиелер беру үшін 625 млн.теңге көлемінде қаражат бөлді.

Бағдарлама қатысушыларына жылдық несие мөлшерлемесі 5%-ды құрайды. Қарыздың ең жоғары сомасы – 20 млн теңге. Бастапқы жарна кем дегенде 10% болуы керек.

Бағдарламаға қатысуға өтінім беру Жезқазған қаласы, Алашахан даңғылы 1 мекенжайында орналасқан Азаматтарды қабылдау орталығында жүзеге асады.

Өтінімдер 2025 жылдың 29 қыркүйегі мен 3 қазан аралығында сағат 9.00 -18.00 дейін қабылданады.

***Обләкім баспасөз қызметі***

**• ҚАРТТАР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА**

## 70-тен АСҚАНҒА – 20 МЫҢ

***Қазан айы Халықаралық Қарттар күні мерекесімен басталады. Жыл сайын жасы ұлғайған кісілер бұл күнді асыға күтеді. Өйткені, құрметке бөленеді, азды –көпті марапатқа кенеледі.***



Сәтбаев қаласында қазіргі кезде жасы 70-тен асқан 3523 қария тұратын көрінеді. Міне, осы кісілердің әрқайсысына Қарттар күніәне байланысты 20 мың теңгеден біржолғы әлеуметтік төлем төленеді. Мұны қала әкімдігі ресми түрде мәлімдеді. Дұп – дұрыс. Үлкенге құрметтің үлкен – кішісі, аз-көбі болмайды. Ең бастысы - көңіл. Қариялар жасай берсін!

***(Өз тілшімізден)***

**№ 6 бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутатының орнына Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат болып тіркеу бойынша округтік сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ**

2025 жылғы 24 қыркүйекте «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттығына шығып қалған депутатының орнына № 6 бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Рахметов Куандык Ажмаганбетович кандидат болып тіркелді, 1977 жылы туған, қызметі:төраға орынбасары, жұмыс орны: «Кәсіпқорған» салалық кәсіподағы, тұрғылықты жері: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, «Amanat» партиясының мүшесі, ұлты – қазақ.

**СООБЩЕНИЕ окружной избирательной комиссии о регистрации кандидатом в депутаты Сатпаевского городского маслихата вместо выбывшего по одномандатному территориальному избирательному округу № 6**

В соответствии со статьей 104 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» 24 сентября 2025 года по одномандатному территориальному избирательному округу № 6 зарегистрирован кандидатом в депутаты Сатпаевского городского маслихата вместо выбывшего Рахметов Куандык Ажмаганбетович, 1977 года рождения, должность: заместитель председателя, место работы: отраслевой профсоюз «Кәсіпқорған», проживает в г.Сатпаев области Ұлытау, член партии «Amanat», национальность -казах.



## КІТАПХАНА СӨРЕСІНДЕ «ТАМШЫ» ТҰР

***«KitapTime – 2025» кітап фестивалі – ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы ұйымдастырған жалпыреспубликалық акция Жезқазған қаласында өзіндік ерекшелігімен есте қалды. Өйткені...***

Бұл күні поэзиядағы өзіндік қолтаңбасы айқындалған, аппақ көңілімен ақсамал жыр төгіп жүрген жас ақын Медет Карахметовтің «Тамшы» жыр жинағы оқырмандар олжасына айналды. Орталықтандырылған кітапхана жүйесінде кітаптың таныстырылымы болып, тұсауы кесілді.

Әдеби кешті «Ұлар» әдеби клубының жетекшісі, ақын Абай Ораз жүргізіп отырды. Кешке отаулызды, орақтілді ақындар, зиялы қауым өкілдері және студенттер қатысты.

Кеш барысында жас ақынның шығармашылығынан сыр шертетін «Жас жүректен төгілген жыр» атты бейнебаян көрсетіліп, ақынның өзі де, кітапхана жанындағы «Жас толқын» поэзия клубының мүшелері де бірнеше өлеңдерін оқыды.

Көптеген құттықтаулар, ақ тілектер айтылды. Солардың бірі орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің басшысы Анар Жамантайқызы Махмутова болды.

Медеттің өлеңдеріне жазылған «Ұлытауым» және «Женге мен қайны» әндерін жиналғандар сүйсіне тыңдады.

Кітаптың тұсаукесер рәсімін жасау құрметіне атақты ақындар Мұқан Сейтқазинов пен Ғазиз Ештанаев ие болды.

Осылайша «KitapTime – 2025» кітап фестивалі аясында тұсауы кесілген «Тамшы» енді кітапхана сөресінен табылады. Барыңыз, алыңыз, оқыңыз!

***Абдолла Нұртауұлы.***

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕНІМГЕ СЕРПІН

# НАҚТЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛДІ

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауы – ел өмірінің барлық саласын қамтыған, нақты міндеттер мен шынайы қадамдарға құрылған мазмұнды құжат болды. Жолдауда айтылған бастамалар халықтың көңілінен шығып, кең қолдау тапқаны анық.***

Президент өз Жолдауында әлеуметтік әділеттілік, экономикалық өсім, ұлттық бірлік пен білім беру жүйесін дамыту сынды маңызды бағыттарға ерекше мән берді. Әсіресе, ел тұрғындарының әл-ауқатын арттыру, жастарға қолдау көрсету, кәсіпкерлікті дамыту мен шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі бастамалар қоғамның қызу қолдауына ие болды.

Биылғы Жолдаудың басты ерекшелігі – нақты істерге, орындалуы мүмкін шараларға негізделуі. Бұл өз кезегінде халықтың сенімін нығайтып, мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты одан әрі күшейтеді. Президенттің жаңа экономикалық бағытқа көшудің маңыздылығын атап өтуі – еліміздің дамуына тың серпін беретіні сөзсіз.

Білім беру саласындағы реформалар, мұғалімдер мәртебесін арттыру мен ауыл мектептерін дамыту жайындағы ұсыныстар білім саласы қызметкерлері үшін үлкен қолдау болды. Сондай-ақ денсаулық сақтау, тұрғын үй, экология, цифрландыру сынды өзекті мәселелер де назардан тыс қалмады.

Президент Жолдауында білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлікті қолдау, цифрландыру сынды халық үшін өзекті мәселелер кеңінен қамтылды. Әсіресе, жастарды қолдау, сапалы білім мен заманауи денсаулық сақтау жүйесін дамыту жөніндегі тапсырмалар көпшіліктің көңілінен шықты.

Жолдауда ауыл инфрақұрылымын жаңғырту, жол сапасын арттыру, таза ауыз су мен жылу жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету сияқты маңызды мәселелерге де ерекше назар аударылды. Бұл – ауыл тұрғындарының әлауқатын арттыруға бағытталған нақты қадамдар.

Жалпы, Жолдау елдің бүгіні мен ертеңіне жауап беретін, нақты мақсаттарды көздеген маңызды құжат ретінде бағалануда. Ел Президентінің бастамаларына қолдау білдіре отырып, әр азаматтың өз үлесін қосуы – ортақ міндет.




Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған кезекті Жолдауы еліміздің барлық азаматтары үшін маңызды құжат болды. Бұл Жолдау – тек мемлекеттік саясаттың бағыт-бағдарын айқындап қана қоймай, ел дамуының жаңа кезеңіне жол ашатын стратегиялық бағдарлама.

Сондай-ақ, экономиканы әртараптандыру, өнеркәсіп пен шағын және орта бизнесті қолдау шаралары ел экономикасының тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыратыны сөзсіз.

Көпшілікті қуантқан тағы бір мәселе – жастарды қолдау. Президент жастарға жаңа мүмкіндіктер мен қолжетімді білім беру жолдарын қарастырып, болашақ мамандарды сапалы дайындау қажеттігін баса айтты. Бұл – еліміздің дамуы үшін стратегиялық маңызды қадам.

Жолдауда көрсетілген бағыттар мен тапсырмалар елдің әлеуетін арттырып, әділетті Қазақстанды қалыптастыру жолында нақты қадам болмақ. Ендігі міндет – осы тапсырмаларды бірлесе орындау. Қоғамда оң пікір тудырған бұл Жолдау – халық үніне құлақ асатын мемлекеттің нақты көрінісі. Барша азаматтар Жолдауды қолдап, оның жүзеге асуына белсене атсалысса, еліміз дамудың жаңа биігіне көтеріледі деген сенім мол.

***А.ҚҰРАҚБАЙ,***
***Сәтбаев қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы.***

АГРОӨНЕРКӘСІП САЛАСЫ

# ҚОЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ҮШІН

***Облыс басшылығы өңірде қой шаруашылығын дамытуды қолға алды. Бұл үшін арнайы бағдарлама да қабылданды. Жоба Жаңаарқа ауданы Түгіскен ауылында жүзеге асырыла бастады.***

Қазақ «Мал өсірсең қой өсір, табысы оның көл – көсір» дегенді бекер айтпаған. Кеңес заманында Қазақстанда қой санын 50 млнға жеткізу жоспарланған еді. Қазіргі кезде сол бағдардаманы сынап – мінеп жүретіндер де кездеседі. Кеңес Одағы тараған уақытта біздің елімізде қой басы 38 миллионға жеткен екен. Осыншама байлыққа ие болғанымызды да қайтейік, кейін бір қойды – бір бөтелке арақққа айырбастап жіберген кезіміз де болды. Соның салдары шығар, қой саны күрт кеміп кетті. Базарға барсаң, бағасы удай.

Қой басының кемуінің тағы бір себебі оны бағып – күту машақатының көптігі де болар, жем де, шөп те керектігі тағы бар. Солай екен деп, әлдебір әрекет істемесек, күндердің күнінде қазақ даласында қой қалмауы да мүмкін –ау...

Сондықтан да, облыс әкімдігінің бұл салаға баса назар аударуын тек қана құптау керек. Қазір облыста қой шаруашылығын дамыту бойынша ауқымды инвестициялық жоба іске асырылуда. Жобаны Ұлытау облысының әкімдігі мен «Ұлытау» ӘКК бірлесіп атқаруда.

Жобаның мақсаты қандай дейтін болсақ, бұл қой бордақылау алаңдарын құру, сапалы қой өнімдеріне қол жеткізу, аграрлық секторды дамыту болып табылады. Қай нәрсені қолға алғанда да ең алдымен, қаржы көлемі мен қаржыландыру көзі қызықтыратыны сөзсіз. Жобаның жалпы құны 1,7 млрд теңгені құрайды екен. Бұл қаражаттың 1 млрд 66 млн теңгесіне - асыл тұқымды ұсақ қара мал, ал, 353 млн теңгеге ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды. Нақтылап айтқанда, 500 асыл тұқымды қошқар, 12 400 «Еділбай» қойы және 60-тан астам ауыл шаруашылығы техникасын алу арқылы жоба нақтылыққа айналды. Бұрынғы 24 шаруа қожалығы осы жоба аясына біріктіріліп, 30 жаңа жұмыс орны құрылды. Жобаны жүзеге асыру үшін 2 ауылдық округ және 40-тан астам маман тартылды.

Түгіскен ауылында қолға алынған жоба облыстың экономикасын көтеруге де, елімізді азық - түлікпен қамту мәселесінде де өзінің оң әсерін тигізеді деп күтілуде.

***Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.***



# ҚАЗАНДА ҚОСЫЛАТЫН ҚАЗАНДЫҚ

*ҚАЛАНЫ ТАҒЫ ДА ҚАРАТҮТІНГЕ КӨМІЛДІРІП ТАСТАМАЙ МА?*

***Қала тұрғындарының арасында осындай алаңдаушылықтың бары жасырын емес. Өйткені, «аузы күйген үрлеп ішеді». Қыстың қыр астына келіп қалғаны күн санап айқын сезіле бастады. Егер бұрындары «алдағы қыста үйіміз жылы бола ма екен?» деп алаңдайтын болсақ, кейінгі бірер жылдың бедерінде бізді «қазандықтың мұржасынан қандай түтін шығар екен?» дейтін мәселе мазалайтын болды.***

Қала тұрғындарының арасында осындай алаңдаушылықтың бары жасырын емес. Өйткені, «аузы күйген үрлеп ішеді». Қыстың қыр астына келіп қалғаны күн санап айқын сезіле бастады. Егер бұрындары «алдағы қыста үйіміз жылы бола ма екен?» деп алаңдайтын болсақ, кейінгі бірер жылдың бедерінде бізді «қазандықтың мұржасынан қандай түтін шығар екен?» дейтін мәселе мазалайтын болды.

Былтырғы қыстың соңын ала қаламызға ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Е. Қошанов бастаған делегация арнайы келді. Олар жағдайды көзімен көрді, мәселені шешудің жолдарын қарастырды. Әрине, елдің, биліктің назарына іліккен мәселе оң шешімін табуға тиісті. Алажаздай жүргізілген жөндеу жұмыстарының бір бағыты алдағы қыста Қаныш қаласына аспаннан «қара қар» жаудырмаудың қамы болғаны анық. Өткен жылы тек төртінші қазандыққа ғана эмульгатор орнатылған еді. Ал, биыл қалған үш қазандыққа да осы құрылғы орнатылды.Демек, түтінді ауаға жібермей орта жолдан ұстап қалудың мүмкіндігі артты. Сондай – ақ, көмір сапасына да көңіл бөлінеді деген үміттеміз. Өйткені, «қара қардың» бір кілті жағатын көмірге байланысты екені белгілі.

Санаулы күндерден кейін жаңа жылу беру маусымы басталады. Қазщандық іске қосылады. Әрине, үйіміздің жылы болғаны жақсы. Дегенмен, ауамыздың таза болғаны тіпті жақсы ғой. Бізге жеткен ақпараттарға қарағанда, қала қазандығында көп шаруа қолға алынып, атқарылып жатқан секілді. «Сол еткен еңбек текке кетпес» деп үміттенейік. Жақсылық күтейік алғы күндерден!

***Абдолла ДАСТАНОВ.***

ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІКТЕРІ

# БАҒДАРДАМА ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛУДА?

***Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаменті өткен аптада «Сәтбаев жылумен – сумен жабдықтау кәсіпорны» ЖШС-нде баспасөз турын өткізді. Тур мақсаты аталған кәсіпорындағы 2025 жылға арналған инвестиция бағдарламасының орындалу барысымен танысу болды.***



«Сәтбаев жылумен –сумен жабдықтау кәсіпорны» ЖШС Сәтбаев қаласы тұрғындарына, заңды тұлғаларға жылу энергиясын беру, бөлу және онымен жабдықтау, суды таратушы желілері арқылы беру, сарқынды суды бұру және тазарту қызметтерін көрсетеді.

Баспасөз турына қатысушылардың қатарында облыстық, қалалық мәслихаттардың депутаттары, Кәсіпкерлердің өңірлік палатасының, жергілікті мемлекеттік органдар мен БАҚ өкілдері болды. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаментінің төрағасы Д. Жүнісбеков жиналғандарға баспасөз турының мән – мағынасы, мақсаты жөнінде түсіндіріп берді. Кәсіпорын басшысы Е. Тоқымбаев жиналғандарды инвестиция бағдарламасы және оның орындалысы туралы хабардар етті. Бағдарламаның қайсысы орындалды және орындалмағаны қандай және мұның себебі неде? Е.Тоқымбаев сөзінде осындай сұрақтарға айқын жауап берілді.

Тарифтік сметалар шеңберінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 13 мамырдағы №52-НҚ және Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының 2023 жылдың 13 мамырдағы №29-П бірлескен бұйрығымен «СЖСЖК» ЖШС-нің жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау, суды таратушы желілер арқылы беру, сарқынды суды бұру және тазарту қызметтері бойынша 2023-2027 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасы өзгертіліп бекітілген.

Бұйрыққа сәйкес 2024 жылдың 01 желтоқсанынан 2025 жылдың 01 желтоқсанына дейін бекітілген инвестициялық бағдарламаның сомасы 1 млрд 244 млн 893 мың теңгені құрайды (кәсіпорын қаражаты 389,76 млн. теңге, облыстық бюджет қаражаты – 855,13 млн. теңге), мұндағы:

**Жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау қызметі бойынша:**

- 129 млн 393 мың теңге – ұзындығы 1,11 шақырым Тех.колледждің ЖК-нан №6 шағын ауданының ЖК-на дейінгі №4 магистральдық жылу желісінің учаскесін жөндеу (жеткізуші және кері) (Д630мм) – орындалды.

- 40 млн 194 мың теңге – электр қозғалтқышы бар 1Д1250-63 сорғы агрегатын сатып алу – 2 дана - орындалған жоқ.

- 4 млн 180 мың теңге – электр қозғалтқышы бар 1Д 500-63 сорғы агрегатын сатып алу – 1 дана- орындалды.

- 4 млн 838 мың теңге – электр қозғалтқышы бар 1Д 630-90а сорғы агрегатын сатып алу – 1 дана – орындалды.

- 715 млн 238 мың теңге – ұзындығы 1 шақырым №6 ЖК-нан №8 ЖК-на дейінгі №1 магистральдық жылу желісінің учаскесін қайта жаңарту (жеткізуші және кері) (Д630мм)- орындалды.

- 139 млн 893 мың теңге – ұзындығы 0,6 шақырым №4 ЖК-нан Влад жиһаз цехына дейін №2 магистральдық жылу желісінің учаскесін қайта жаңарту (жеткізуші және кері) (Д530мм) – орындалды.

**Суды таратушы желілер арқылы беру қызметі бойынша:**

- 22 млн 540 мың теңге – ұзындығы 0,49 шақырым №5 су құбыры учаскесін жөндеу (400мм); материал алынды, жұмыс қыркүйек айына жоспарланды.

- 92 млн 766 мың теңге - КАМАЗ 65117 шассиіндегі PALFINGER PK 18500A манипуляторын сатып алу –орындалды.

- 5 млн 941 мың теңге – полиэтилен құбырларын дәнекерлеу аппаратын сатып алу -орындалды

**Сарқынды суды бұру және тазарту қызметі бойынша:**

– 21 млн 873 мың теңге – ұзындығы 0,4755 шақырым кәріз коллекторын жөндеу – Негізгі нәжіс сорғы станциясынан ІІІ көтеру сорғы станциясы арасындағы кәріз коллекторын жөндеу (№1 учаскесі) (Д400мм); материал алынды, жұмыс қыркүйек айына жоспарланды.

– 37 млн 835 мың теңге – ГАЗ С42А43 «САДКО NEXT» автокөлігін сатып алу – 1 дана - орындалған жоқ.

– 13 млн 965 мың теңге – МТЗ Беларус 82.1 тракторын сатып алу - 1 дана – орындалды.

– 16 млн 235 мың теңге – Atlas Copco Varisco R 150 WP FL10 G11 мотор сорғысын сатып алу – 1 дана – орындалды.

2025 жылғы 1 қыркүйекте жағдай бойынша инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары 85 пайызға орындалды. Инвестициялық бағдарламаның қалған іс-шаралары 2025 жылдың соңына дейін орындалатын болады.

Кәсіпорын директоры баяндама соңында Инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары қала тұрғындарын жылумен және сумен қамтамасыз ету сенімділігін арттыруға, инженерлік желілер мен жабдықтардың қызмет ету мерзімін арттыруға, сондай-ақ олардың энергия тиімділігін арттыруға бағытталғанын айтты.



Бұдан соң баспасөз турына қатысушылар инвестиция бағдарламасы бойынша алынған техникаларды, атқарылып жатқан жұмыстарды көзбен көрді.

-Мұндай турлар жұмыстағы жариялылықты, ашықтықты қамтамасыз етеді. Халық қаржының қалай игеріліп жатқанын білетін болады. Мұны қоғамдық қадағалаудың, бақылаудың бір түрі десе де болғандай –деп ой бөлісті бізбен Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаментінің төрағасы Дәуір Жүнісбеков.

Кәсіпорында кейінгі жылдары жұмыс сапасын арттыруға, жұмыскерлердің жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шаралар қолға алынып, өз нәтижесін көрсете бастады. Ал, мұндай жұмыстар алдағы уақытта одан әрі жалғаыгн таба беретін болады.

***Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.***

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің , мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады.

Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

## ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

# ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ БОЛҒАН АНА!



**АНАМЫЗ**
**ШАБАЛ**
**БЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫНЫҢ**

**ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІН**
**ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН**
**ҚЫРҚЫ ДҰҒА РӘСІМІ**

**27-қыркүйек (сенбі күні)**
**сағат 12.00-де**
**Сәтбаев қаласы**
**«Арай» мейрамханасының**
**Үлкен залында өтеді.**

**ҚЫРҚЫН БЕРУШІЛЕР:**
**БАЛАЛАРЫ МЕН**
**ТУҒАН – ТУЫСТАРЫ**
**ДҰҒАДА БІРГЕ**
**БОЛЫҢЫЗДАР!**

## БАЛА КЕЗІМНЕН БІЛЕМІН...

***Шабал апайымыздың жалғаннан жүзін жасырғанына да қырық күнге тақалды. Айналамыздан қандай – қандай ірі тұлғалар, керемет жандар кетіп жатыр... Мен үшін ол кісінің орны тым бөлек. Өйткені..***

«Қайран менің «Төртіншім – ай, Төрт қалаға бергісіз!» деп, Шынболат Ділдебаев ағамыз жырға қосқан алақандай ауылда Бейсенбек ақсақалдың үйімен бірге тұрдық. Күн жылынған соң Жезді өзенінің бойына жайлауға да бірге шығатынбыз. Қазір сол күндердің бәрі де әрі тәтті, әрі мұңлы сағынышқа айналды.

«Төртіншінің» бар баласы Весовая кентіндегі №10- мектепке қатынап оқитынбыз. Екі ара соншалықты қашық та емес, содан ба екен, көлік те керек етпейтінбіз. Бейнелеп айтқанда, жүгіріп барып, жүгіріп қайтатынбыз.

Шабал апай ұстазымыз болды. Мектептің басшысы да сол кісі болатын. Келісті келбеті, жылы сөзі бәрімізді үйіріп алатын.Даусының қатты шыққанын ешқашан естімеппін ғой.

Бір ғажабы, біз отбасымызбен Шабал апайдың шәкіртіміз. Менің жарым да апайдың оқушысы болды. Ал, балаларымыздың бәрі де №27- мектепте оқыды. Бұл мектепті ауызекі тілде «Шабалдың мектебі» деп атап кеткені бршаға аян.

Біз Мұзараф аға мен Шабал апайдың балаларымен де бірге ойнап, бірге өстік. Ардақ, Жомарт, Талғат... бәрімен де досжар жандарға айналдық. Талғат екеуміз №65- шахтада еңбек жолымызды қатар бастадық десек те болады. Кейін корпорациядағы қызмет бабында да бірге жүрдік.

Шабал апайдың қолынан талай мәрте дәм тату бақыты бұйырды. Кешегі ұстазымыздың шай құйып отырғанына алғашқы кездері кәдімгідей қысылатын да едім. Апай аңғарымпаз ғой, байқап қалды.

-Сен қысылма. Бұл үйге келгесін - қонақсың. Ал, қонақты күту, қызмет жасау – біздің міндетіміз – деген еді. Не деген парасаттылық?!

Мұзараф аға да, Шабал апай да соңдарына жақсы із, тамаша үлгі –өнеге қалдырып кетті. Ұл – қыздары қандай?! Бәрі де шетінен білімді де білікті болып, өмірден өз орындарын тапты. Енді ата – әжелерінің жолдарын немере, шөберелері жалғай бастады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» демекші, Ағамыздың да, Апайымыздың да мыңжылдық ғұмырлары басталды.

Жатқан жерлері жайлы болсын! Кейінгілерді әруақтарымен желеп –жебей берсін!

***Аллияр ЖАРАСПАЕВ,***
***Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы,***
***ҚР Парламенті Мәжілісі***
***IV шақырылымының депутаты.***
***«Құрмет» орденінің иегері.***

## ӨМІРІ – ӨЛКЕ ТАРИХЫ

***Мыңдаған шәкірттерінің бірі ретінде Шабал апайдың өмірден озаны туралы суық хабарды естігенде жүрегім лүпіл қағып, көңілім күйзеліп кетті!***

Қадірменді жерлестер!

Құрметті бауырларым - Ахановтар әулеті!

Адал Жар,Алтын құрсақ, Асыл да Батыр Ана, Абзал да Аяулы Әже,Ұстаздардың Ұстазы Шабал Бейсенбекқызы апайдың қазасына байланысты баршаңызға қайғырып көңіл айтамын!


Шабал Бейсенбекқызы шәкірті Мұхамбет Көпеймен Оқжетпесте

Қолыма «Аңызға айналған ұстаз» атты кітапты алып, парақтап отырып,Шынболат ақынның Шабал Бейсенбекқызының 60 жасқа толуына орай жазылған «Үлкендік» деп аталатын өлең жолдарын қайта-қайта оқи бердім! Бұл өлеңді Шабал апайға «өлеңмен жазылған мінездеме» десе де болғандай. Көз алдымнан туған жердің тарихы, кешегісі мен бүгіні тізіліп өтіп жатты! Бұған себеп болған ұстазым Шабал апайдың өмірі болатын. Өйткені, Апайдың өмірі өлке тарихымен тікелей байланысты Өмір еді!

Ия! Әр елде бетке ұстар, мақтан тұтар айнасы секілді ерекше жандар бар екені белгілі! Шабал Бейсенбекқызы бар саналы өмірін ұрпақ тәрбиесіне арнаған, ұстаздық етудің қыр-сырын жетік меңгерген,әділ де парасатты басшы,ерекше ұйымдастыру қабілет иесі бола білді.

Шабал апай, Шабал мұғалім мен үшін Ұлы даланың кіндігі Ұлытау өңірінің тумалары ішіндегі өлшем мөлшеріне сыймайтын бірегей ТҰЛҒА, Ғасыр Адамы десем де артық болмас!

Балғын бала шағымыздан маңдайымыздан сипап, қазақи болмысымыздың негізі - ұлттың тілі мен тәрбиесіне сусындатқан,тағлымды сөздерден ою ойып, кесте тоқудың, сүйекті сөз сөйлеудің шебері Ұлы Ұстазым Шабал Бейсенбекқызының майдақоңыр үні,маңғаз мінезі, өнегелі, үлгілі адами қасиеті мәңгілік есте сақталады!

Шабал апайдың иманы жолдас, алды пейіш,арты кеніш болғай!

АЛЛА алдынан жарылқасын!

Қош бол, Ұлағатты Ұлы Ұстаз!

Ахановтар әулетінің ұрпағына Мұзараф ағаның, Шабал апайдың асқақ абыройы, жарқын жолдары, халқының ыстық ықыласы мен сый-құрметі жұғысты болғай!

Бекем болыңдар, бауырларым!

***Ізгі ниетпен,***
***Мұхамбет КӨПЕЕВ,***
***мемлекет және қоғам қайраткері.***

## АРҚА СҮЙЕЙТІН АПАМ ЕДІ...

***«Шеңбер» деген ауыл бар. Шағын ғана осы ауылдан өңірге, елге танымал көптеген тұлғалар өсіп шықты.***

Сол ауылда Шабал апайдың әкесінің есімімен аталатын «Бейсенбек құдығы» дейтін құдық болды. Суы сондай тәтті сезілетін. Шабал тәтеміз Бейсенбек әкеміз бен Бәтима шешеміздің жалғыз қызы болатын. Маған тәтемнің ән салғаны керемет әсер ететін.

Кейін студент атанды. Алматыдан каникулға келгенде тіпті түрленіп, құлпырып кеткенін көрдік, қызыға қарайтын болдық. «Енді қашан келеді екен?» деп , кәдімгідей студенттердің каникулын күтіп жүретін едік. Анасы Бәтима шешеміздің «Шабалым, Шабалым» деп сүйсініп, мақтанып отыратынын талай көрдім. Мақтануға лайықты болатын.

Кейін Мұзараф ағайға тұрмысқа шықты. Мына қызықты қараңыз, мен де Мұз – ағаның жақын інілерінің бірімен бас қостым. Сөйтіп, Шабал тәтеме «келін» болып шықтым. Бірақ...

-Сен менің сіңілімсің, содан соң ғана келінсің, сондықтан менен имене берме - дейтін.

Қызмет барысында да айтқан ақыл – кеңестерін әркез басшылыққа алып жүрдім. Жалпы өз басым Мұзафар ағаның да, Шабал тәтемнің де қамқорлығы мен қолдауын көп көрдім.

Абыз аға, аңыз ана атанған Мұзараф Аханов пен Шабал Бейсенбекқызының көп жандарға шапағаты тиді. Сол жақсылықтары алдарынан шықсын, жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болсын!

Жақсы жандар әрқашанда біздің көңіліміздің төрінде, жүрегіміздің түпкірінде, мәңгілік жадымызда сақтала беретін болады.

***Майра ЖАППАСБАЕВА,***
***Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.***

# ЖҰРТЫНЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ ҚАЛҒАН АНА!



Ә. Алпысова Шабал тәтемен.



Қаныш Сәтбаев ұрпақтары келгенде.



Ұстаз және шәкірт.

## АҚ БАТАСЫН АЛҒАН ЕДІМ

***Қай заманда болсын ұстаздарға құрмет жоғары болған. Бүгіннен немесе кешеден ғана ұлы мамандық иелеріне құрмет көрсетіліп келе жатқан жоқ, ықылым заманнан бері ұстаздықтың шоқтығы биікте. «Тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді»,- деп әл-Фараби айтқандай, ұлағаты мол жандарға ілтипат таныту – адамгершіліґінің ілгері басуының бір қадамы.***

Білім ордасына келген күннен бастап мектептің оқу-тәрбие жұмысын қарқынды жолға қойып,облыстағы озық мектептердің деңгейіне көтерген, нәтижелі жұмыстары республика көлеміне танымал болған, ұстаздық кәсібі ғана емес, бүкіл ел әлеміне айналған – Шабал Бейсенбекқызының өнегелі өмірі баршамызға үлгі, өнеге.Ұлағатты ұстаздың өзінен бастау алған тәрбие бағытындағы іс-шаралар әлі күнге дейін мектебімізде жалғасын табуда. Ұстаздардың хор үйірмесі, домбыра оркестрі, би, драма үйірмелері заман өзгергенімен, ұлттық құндылықтарымыздың алтын көмбесі іспеттес күн сайын құндылығын арттырып, жарқырай түсуде. Кезінде қаладағы жалғыз ғана қазақ мектебі болып, қазіргі кезде ел арасында «қара шаңырақ» аталатын мектептің әр ұстазы мен оқушысы бойында ұлттық рух пен мінез ерекше қалыптасқан. Өйткені, ұлы ұстазынан үлгі алған үзеңгілес әріптестері мен өзі баулып-өсірген шәкірттері әлі күнге дейін қызмет етуде. Былтырғы оқу жылындағы мектебімізде өткен облыстық оқуларда абыз ана, ұлағатты ұстаздың батасын алдым. Шабал Бейсенбекқызының ақ батасын алу – өмірімдегі ең ұмытылмас сәттерімнің біріне айналды.Ұстазбен кездескен әрбір сәтті жадымнан еш өшірмек емеспін. Қуанышынан қиындығы көбірек басшылық жолымда аңызға айналған ұстаздың әр сөзі адастырмас темірқазығым болары сөзсіз.

***Әсем АЛПЫСОВА,***
***№27 – мектеп директоры.***

## «СӘТБАЕВТАНУ» МҰРАЖАЙЫН ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

***2003 жылғы маусым айында мектебімізде Мейіз Қанышқызымен кездесу өткізілді. Соның алдында ғана мектепте ашылған шағын ғана «Қаныш Сәтбаев» музейін тамашалдаған Мейіз апай ризашыығын айтып тауыса алмады. Ал, бұл музей – Шабал Бейсенбекқызының бастамасымен ұйымдастырылған еді.***

Ұлтымыздың ұлы перзенті Қаныш Сәтбаевтың алдында бала кезінде ән салғанын, кейін студент болып жүргенде құрбысының жатақхана мәселесін шешуге көмектесуді өтініп барған кезін Шабал Бейсенбекқызы тамаша әңгімелейтін.

-Мен өмірімде Қаныш ағамен үш мәрте кездестім. Қашан көрсем де ол кісінің жүзінен жылылық лебі есіп тұратын. Сондай –ақ, жадының мықтылығы қайран қалдыратын – деп еске алушы еді Қаныш аға туралы.

1961 жылы Жезқазғанда Қазақ КСР Ғылым Академиясының көшпелі сессиясы болып өтті. Шабал Бейсенбекқызы арнайы барып сәлем береді. Қаныш аға бірден таныпты. «Сен әлгі әнші баласың ғой» деген екен. Сол жолғы кездесу туралы Ш.Бейсенбекқызының «Озық ойлы ағаға» деген өлеңі «Жезқазған кеніші» деген газетке басылып шығып, бәріміз қызыға оқығанымыз да есімде. Сол сарғайған газет қиындысы да қазір музейден орын алып тұр. Жас ұрпақ Шабал ұстаздың өлеңі арқылы ұлы ғалымның тұлғасын одан әрі жақыннан тани түсуде.

- Маған Қаныш Имантайұлының «Ісіңізге, еңбегіңізге, оқуыңызға нағыз адамгершілікпен қарасаңыз, сөз жоқ, әрқашан жеңіске жетесіз» -деген ағалық ақылы әрқашан жол сілтейтін бағдаршамға айналды. Қиналсам да сол сөзді еске алып, бойыма қуат, күш жинайтын едім –дейтін Шабал ұстаз.

Өскелең ұрпаққа ұлттық тәлім – тәрбие беру, ұлтымыздың ұлы тұлғаларын таныту – Шабал ұстаздың өмірлік ұстанымы болды.Сол үшін еңбенк етті, тер төкті. Мектептегі ұлы ғалымға арналған музей де апайдың кейінгі ұрпаққа қалдырған өшпейтін ұлы еңбектерінің бірі.

